

Л 2005

6055

СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



КНУТ  
ГАМСУН

# НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТТАРЫ



*"Нобель сыйлығының лауреаттары"  
сериясы қоғамдық кеңесінің мүшелері*

---

*Юсупов Кеңес (төраға)  
Абдрахманов Сауытбек  
Асқаров Әлібек  
Ақтаев Сарбас  
Әбдіков Төлен  
Әбдіхалық Жомарт  
Әкімжанов Мәткәрім  
Бельгер Герольд  
Жұмабаев Әбілмәжін  
Құл-Мұхаммед Мұхтар  
Сағындықова Нағима  
Сатыбалдиев Ерлан  
Серікқалиев Зейнолла  
Степанова Лидия*

# Кнут Гамсун

---

АШТЫҚ

*Роман*

Орман тәңірі

*Роман*

Махаббат мұңы

*Роман*



«АУДАРМА» БАСПАСЫ  
АСТАНА—2004



821.115.5-5

ББК 84.4Нр-44

Г 17,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Гамсун Кнут.**

**Г 17** Аштық. *Романдар. Аударған Сарбас Ақтаев.*  
Астана: Аударма, 2004. — 384 бет.

ISBN 9965-18-097-0

Нобель сыйлығының лауреаты, норвег жазушысы Кнут Гамсунның бұл романдарын түрлі тақырыптағы жыр десе де болғандай. Атап айтқанда, олар адамгершілік, адалдық, тұмса табиғат, мөлдір махаббат туралы қара сөзбен жазылған бір-бір дастан тәрізді. Алғашқы “Аштықтың” бас кейіпкері аштықтан бұратылып, өлімнің аз-ақ алдында тұрса да, адалдықтың ала жібін аттамайды. Ал “Орман тәңірінің” кейіпкері әскери атақ-даңқ, лауазымның бәрін тәрк етіп, туған табиғатпен тұтасып кетеді. “Махаббат мұңындағы” жастардың бір-біріне деген іңкәр сезімі, пәк көңілі таптық қайшылықтың құрбаны болып гүлдемей солады. Автордың ой-өрнегі мен тіл кестесін жеткізу үшін аудармашының көп күш жұмсағаны байқалады. Сондықтан кітап жеңіл оқылып, жылы қабылданады.

Г  $\frac{4703010100-105}{00 (05)-04}$


ББК 84.4Нр-44

ISBN 9965-18-097-0

© Ақтаев С., 2004  
© «Аударма» баспасы, 2004  
© Қазақстан кітап графиктері-  
суретшілерінің қоғамдық  
бірлестігі, 2004



АЛТЫҢ



# АШТЫҚ

## БІРІНШІ БӨЛІМ

Мұның өзі адамға мәңгі өшпес із қалдыратын таңғажайып кент Христианияның көшесінде аштықтан бұратылып қанғып жүрген күндерімде болған еді.

Үйдің шатырындағы баспанамда кірпік қақпай жатып төменде сағаттың алтыны соққанын есітім, таң өбден ағарып, баспалдақпен жоғары-төменді жүгіріс басталды. Бөлменің есігі “Ертеңгілік газеттің” ескі сандарымен желімдеп тасталған болатын, одан маяк қарауылының құлақтандыруын айқын көріп жатырмын, ал одан сәл солға қарай баттиған қара өріппен жазған Фабиан Ольсеннің буы бүрқырап жаңа піскен нанын жер-көкке сиғызбай мақтаған жарнамасы тұр.

Көзімді аша сала, ежелгі әдетім бойынша, бүгінгі күн көңілімді несімен жұбантар екен деп ойладым. Кейінгі кезде күнкөру қиындап кетті, азын-аулақ жиған-тергенім “Қомағай қарттың” құлқынына жұтылып, жүйкем жұкарып ашушаң болып алдым, басым айналғандықтан бірнеше күн төсектен де қозғалмадым. Ара-тұра, сәтін салғанда, бөзбір ұнпарақтардан болмашы мақалаларым үшін бес крондай ақша алып тұрушы едім.

Жарық барған сайын молайып, есіктегі хабарландыруларды оқуға кірістім, әлгіндей емес, қайралған тістей ырсиған жіңішке өріптердің өзін айырып, “Андерсен бикештің дүкеніне кірген бойда оңға бұрылсаң, ең жақсы корпе сатып алуыңа болады” деп хабарлайды.

Терезені ашып, аулаға көз тастадым. Көзіме кір ілетін керулі жіп пен алаңқайға түсті, одан әрірек күйіп кеткен ұстахананың қаңқасы, айналасында көмірді қотарыстырып жүрген кісілер көрінді. Терезенің жақтауын шынтақтай тұрып алысқа көз жібердім. Сөз жоқ, күн ашық болғалы тұр. Күз де келіп қалды, кәдімгі бәрі түсін өзгертіп, онып-солатын ғажайып салқын шақ қой. Бұл көшеде дабыра-шу көбейіп, мені үйден шығуға еліктіріп тұрған тақылетті. Түгі жоқ тұт

жалаңаш бөлменің едені адым аттаған сайын ойбайын салып, сықырлай жөнеледі, бәз-бір тоз-тозы шыққан шірік сасық табыт сияқты. Есікте жөні түзу құлып та жоқ. Пеш дегенінді тіпті атама, таңға дейін сәл де болса кепсін деп, шұңығымды жамбасыма басып жатамын. Көңілге медеу тұтар жалғыз ғана зат кішкентай қызыл өткеншек, кешкісін соған тербеліп өрнені ойлап жатып қалғып кететінім бар. Кейде күшті жел көтерілгенде, астыдағы кірер есік ашық болса, болме азынап қоя береді де, қабырғасы мен едені небір өксік сарынға салып уілдеп кетеді. Есікке жапсырылған газеттен менің саусағым сиып кететіндей саңлау пайда болады.

Кері бұрылып оразамды немен ашуды ойлап, бұрышта кереуеттің аяғына таман жатқан түйіншегімді іздеп, одан тіске басар түк таппаған соң, терезеге қайтып оралдым.

“Жалпы, жұмыс іздеп табуымды бір құдайдың өзі біледі” деп ойладым тағы да. “Жоқ” деп бетімді қайтарғандар, тіпті қабыл алмағандар, жартылай уәде бергендер бұл қалада қаншама, үміт пен күдік алмасып, бақ сынап көруге қанша тырысқанмен, бәрі де құрдымға кетіп, маңдайым тасқа тиіп, тауаным шағылып, әбден мұқалып біттім. Ақыр аяғында кассир болуға да бел буып едім, одан да кешігіп қалдым, оның үстіне елу крон кепілдік салуға қалтам көтермеді. Өмір-бақи осылай бірдеңе бөгет болады да жүреді. Тіпті орт сондірушілер жасағына да сұранып көрдім. Ол жолы елу шакты адам жиналды, әрқайсымыз кеудемізді керіп, өзімізді керемет күш иесі, ештеңеден беті қайтпайтын өжет етіп көрсетуге тырыстық. Жалдап алушы қатарымызды аралап, ерсілі-қарсылы жүріп, кейбіреудің бұлшық етін ұстап көріп, бірдеңелер сұрап, маған келгенде басын шайқап, бұл іске қозілдірікті кісі жарамайды деп бүрк етті. Көзімнің өткірлігі қанжардың жүзіндегі екенін көрсеткелі көзілдірігімді тастап, қайта келіп, мұрнымды бір тартып қойып тұр едім, ол жанымнан тағы да өтіп, жымыып күлді де қойды, себебі мені танып қалды. Оның үстіне үстімдегі киімімнің де әбден тозығы жетіп, жұмыс берушіге мені жөндем адам деп көрсетерлік емес еді.

Осылай бірте-бірте бұлтармай құздан төмен сырғып бара жаттым. Ақыр соңында ауызға алар ештеңем, тіпті тарақ пен мұң басқан мезетте жұбаныш қылар кітапша да болмай



қалды. Жазда кез келген күні зиратқа немесе құлпысарай тұрған баққа кетіп қалушы едім. Онда ұзақ отырып, газет үшін ұбақ-шұбақ мақалалар жазатынымын. Оларда не жоқ дейсің, күйқылжыған қиялымнан туған небір ғажайыптар, ойға келмейтін, көңіл сенбейтін оқиғалар, шалдуар шөлкес қимылдар кездесетін. Орлікпен өжеттеніп ең бір есте жоқ шетін тақырыптарға барып, азапқа түсіп, оларды сарылып сағаттап жазғаныммен басып шығаруға ешкім бел бумайтын. Редакторлардың қабылдамағанына қынжылмай, мақаланың бірін бітіріп, екіншісін бастайтынмын. Әйтеуір бірде болмаса бірде еңбегім жанатынына өзімді өзім сендіруге тырыстым. Шынында да, бәз-бірде бағым жанып, қаламымнан тәп-тәуір бірдене туып қалып, жарты күндік еңбегіме бес крон алып жүрген де кезім болды.

Терезеден тағы да кері бұрылып, қолжуғышқа келіп, шалбарымның түтеленіп бара жатқан тізесін суладым, ондағым қарайып жаңа көрінер ме екен деген ой ғой. Оны орындап, әдетімше қағазым мен қарындашымды қалтама салып, есіктен сыртқа шықтым. Қожайынымның көзіне түсіп, көңілін бөлмес үшін баспалдақпен байқап басып үн-түнсіз түсуге тура келді, өйткені пәтерақы төлеудің мерзімі баяғыда өткен. Төлейін десем қалтамда түк жоқ.

Сағат тоғызды соқты. Арбалардың даңғыры мен адамдардың даусы ауаны жаңғырықтырып, жаяулардың аяқ тартпылы жәмшік қамшыларының суылына қосылып, жүз дауысты таңғы хор басталып та кетті. Сонау шулы қозғалыс мені де желпіндіріп, өзімді сенімдірек сезіндім. Әрине, мені қызықтыратыны оншейін ғана таңғы таза ауада қыдырып қайту емес. Менің өкпеме ауаның қажеті қанша? Өзімді алып дәудей әлуетті сезініп, иығымды тосып тұра қалсам, ат-арбаны тоқтататындай көріп келемін. Өзім өзіме дән риза болып, таң-тамаша ғажайып бір сезімнің құшағында балқимын. Қарсы жолыққандарды көзіммен ұзатып, үйлердің мандайшасындағы жарнамаларды оқимын. Жанымнан өткен күймелерден өзіме түскен көздерді аңдап, жолай кездесіп, бірден ғайып болған кездейсоқ құбылыстардың күйтімдайын да қалт жібермей, бөр-бөрін байқап келемін.

Қандай ғажап күн десейші! Тек тіске басар бірдене табылса ғой. Таңның шаттық шапағатына басыммен сүңгіп.

кеудемді қуаныш кернеп, әй жоқ, шәй жоқ ыңылдап әндете бастадым. Ет дүңгішегінің жанында шұжық таңдап, қолында себеті бар бір әйел түр екен, ол да маған қарады. Аузынан жылтырып жалғыз-ақ тісі көрінеді. Кейінгі күндері мен кіді де кінәмшіл болып кеттім, әлгі әйелдің жүзі маған жексұрын көрінді: сап-сары ұзын сояудай тісі шынашақ секілденді, маған көз аударғанның өзінде де қарасынан шұжықты ойлап тұрғаны білінді. Тамақ ішуге бірден-ақ зауқым соқпай кеңірдегіме лоқсық кептеліп қалды. Базарға жетісімен, крандағы судан қанып ішіп, басымды көтеріп Құтқарушы шіркеуінің мұнарасына қарасам, сағат тілі онды көрсетіп түр екен.

Ойсыз-күйсіз қаланы кезіп көп жүрдім де, сосын еш себепсіз бір бұрышта біраз тұрып, еш жұмысым онда болмаса да, бүйірдегі көшеге бұрылдым. Сәрінің шаттық шуағына сүңгіп, ағынмен ығып, еш алаңсыз көңілді жұрттың арасында ерсілі-қарсылы жүрдім де қойдым. Ауа таза, сыңғырап түр, көңілге кірбің түсірер ештеңе жоқ.

Алдымда он ми ноттей ілгері бір ақсақ шал кетіп барады. Бір қолында ұстаған түйіншегі бар ал аяғын жебей басу үшін барын салып ілгері ентелей түседі. Оның алқына демалған тынысын естіп келемін, қуып жетіп түйіншегін алып комектесейін деп едім, ол ойымнан айнып қалдым. Гренсенге таяу Ханс Паулиді кездестіріп едім, ол басын иіп, шапшаң басып өте шықты. Өзі қайда асығып барады екен, ә? Одан ақша сұрар ойым жоқ еді ғой, қайта бұдан бірнеше апта бұрын алған көрпемді қайтарып бермек едім. Сәл-пәл қиындықтан құтылсам-ақ, көрпесін қайтармапты деп ешкім де айта алмас еді-ау. Келешектегі қылмыстың рөлі туралы, болмаса ерік еркіндігі жайындағы, немесе басқа да маңызды бірдене жөніндегі мақаламды дәл бүгін жазуға отырып, оған ең кемі он крон алмасам ба... Кенет көкірегімді ойлар кернеп, дереу іске кірісуім қажет екенін сезіндім де, бақ ішінен оңтайлы жер іздеп, мақалам жазылып біткенше демалыс дегенді қаперіме де алмасқа бел будым.

Ал ақсақ қарт бүкжиіп алып алдымда ербендеді де отырды. Ақыр соңында ол алдымда ұдайы қараңдап отырып мені шамдандыруға айналды. Бұның тіпті таусылар түрі жоқ, әлде ол да мен баратын жерге бара ма екен, онда көзге түрткі боп

алдымда қорбандайды да отырады ғой. Осылай толғанбасы-ма да шара жоқ, ол қасақана істегендей әрбір бұрылыста аяқ алысын баяулатып, дәл мені күткендей кідірді де, түйіншегін сермеп бекем ұстап алып, маған жеткізгісі келмегендей, бүкжеңдеп қайта тартады. Мынау байғұс мүгедектен көз алмай келе жатып, оған деген ашу-ызам да өрши түседі, көтеріңкі көңіл күйімді ол біртіндеп бұзумен бірге тап-таза тамаша сұлу таңды сұмпайы сұрқымен бүлдіріп бара жатқандай сезінемін. Ол табанжолды түгел жауып ілгері жылжып бара жатқан, мертігіп сұлдерін сүйреткен алып шыбын-шіркейге ұқсайды. Қырқаға көтерілгенімізде оның қорбандағанын қайтып көрмес үшін жарнама әйнектің алдына тоқтап, оның ұзап кеткенін күттім. Бірнеше минуттан кейін қайта қозғалсам, ол кісі алдымнан тағы да шыға келді. Зайыры, ол да аялдаған болса керек. Көп ойланып жатпай үш-төрт қарышты қадам жасап қуып жеттім де, иығынан қақтым.

Ол тұсалғандай тоқтай қалды. Бірімізге біріміз қадала қарастық.

— Қанша болса да, сүт сатып алуға бірдеңе беріңізші! — деп күрсінді де басын бір жақ иығына қисайтты ақыр соңында ол.

Ал керек болса, құдайдың айдап келіп көрсеткен кебін қара! Қалталарымды ақтарып ештеңе таппаған соң:

— Ай, сүтке дейсің бе... Ім!.. Ал бірақ біздің заманда көшеде жатқан ақша болмайтынын білесіз ғой және сол сүттің қаншалықты қажет екенін мен де білмеймін.

— Кешеден бері Драмменнен шыққалы нәр татқаным жоқ, — деді ол. — Менде бір де эре қалған жоқ, оның үстіне жұмыс таба алмай жүрмін.

— Қолөнершісіз бе өзіңіз?

— Иә, ... яғни, тері илеуші едім. — Қалайша?

— Елтіріні өзім илеп, өңдеп, пішемін. Айтқандай, етік те тіге білемін.

— Бұл енді істің бетін бұрады, — дедім мен. — Сәл-пәл күте тұр, жүгіріп ақшаға барып келейін, бірер эре сізге берермін.

Бар пәрменіммен Пилестредет жаққа жүгіре жөнелдім. Ондағы үйлердің бірінің екінші тәжінде бір өсімқор тұратын. Шынымды айтсам, бұрын-соңды алдында болып көрген

емеспін. Қиқылдап кіре-ақ зелетімді тез шешіп алып, қолтығыма бастым да, баспалдақпен көтеріліп есікті қақтым. Кіре сала басымды иіп, зелетімді сауда сөресіне тастай салдым.

— Біржарым крон, — деді осімқор.

— Қош, рахмет сізге, — деп жауап қаттым — өзіме қым-қылау болмағанда үстімнен тастамас ем.

Ақшасы мен түбіртегін алып кері тарттым. Шын мәнінде зелетті бәске салу ғаламат бір табылған ақыл болды; енді жақсылап ертеңлік жасап алуыма ақшам қалады, ал кешкісін қымыстың болашақтағы рөлі жөніндегі мақалам да бітеді. Омір шіркін бірден-ақ баяғыдай қатыбас көрінбей, шалға шапшаң жетіп, одан құтылуға асықтым.

— Мінекейіңіз! — дедім оған ақша ұсынып. — Ең алдымен менен жәрдем сұрағаныңызға бақыттымын.

Ақшаны алып тұрып ол өзімді бастан-аяқ сүзіп шықты. Мұнша тесіліп қарағаны несі, шіркіннің? Маған ол әсіресе тіземе тесіліп көз алмайтындай корінді, оның ұятсыздығы жынымды келтірді. Қалайша мынау қаңғырма бұлайша киінгенім үшін мені қайыршы санамақшы? Он крондық мақаламды жазуға кірісіп, бастап та қойған жоқпын ба? Жалпы келешек маған қатерлі емес, алар сыбағам жетерлік. Мынау жарқырап жайнап тұрған күнде танымайтын адамға азын-аулақ ақша бергенімнің несі айып! Оның маған көз тастасы ұнамаған соң, кетер алдында ойымды ірікпей айтып кеткім келді де, иығымды қозғап қойып:

— Құрметтім, кісінің тізесіне тесіліп көз айырмайтын жаман ғадетіңіз бар екен. Ол саған табаны күректей бір крон беріп тұрған жан емес пе!

Ол қабырғаға қисая кетіп басын бір сілкіп, аузын ашып анырды да қалды. Бұл қайыршының миында бәз-бір ой оянып, мені өзін мазақ етіп келекелеп тұр деп топшылады ма, ақшамды өзіме қайта ұсынды.

Аяғыммен жер тепкілеп мен оның ақшаны өзінде қалдыруын талап еттім. Ол бәтшағар жерді мен босқа тепкілеп тұр деп ойлаған жоқ па екен, өзі? Шынтуайтқа келгенде, мен оған бір крон беруге де тиіспін, бұл дегенің өзі ежелгі борыш, оның ісі бақайшағына дейін адал байсалды адамға түсіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, ол соның ақшасы... Ай,

алғыс айтардай ештеңе жоқ, ең алдымен қуанышым қойныма сияр емес, өзі. Жолыққанша!

Сөйтіп кетіп қалдым. Ақыры, әлгі беймаза мүгедектен құтылдым, енді маған ешкім бөгет болмайды. Пилестредетке қайтадан барып азық-түлік дүкеніне тоқтадым. Сауда сәресі ішім-жемге симай сықасып тұр екен, ішке кіріп бірден алып шығуға бел будым.

— Бір кесек сыр мен француз тоқашын берсеңіз, — деп жарты кронды сатушы алдына тастай салдым.

— Барлық ақшаңызға сыр мен нан берейін бе? — деп кекете сұраған сатушы маған көз де салған жоқ.

— Иә, барлық елу эреге беріңіз, — дедім мен де міз бақпастан.

Сатып аларымды алып, тырсиған толық көрі сатушы әйелге ілтипатпен бас иіп бақ тұрған адырға тарттым. Бақтаң бір орын тауып алып тамақтануға кірістім. Бойым сергін сала берді; мұндай мол олжа менде көптен болған емес, бірге-бірге сабама түсіп, өзімді сергек сезіне бастадым. Әдетте көз жасынды түгел тоғіп жылағанда осылай мауқың басылып жеңілденіп қалушы ең. Ұзамай көңілім әбден көтеріліп, рухтанып кеттім, енді маған тарихқа сәл-пәл үңілген кез келген кісі аңғаратын келешектегі қылмыстың ролі туралы қарабайыр астарсыз мақала жазу мүмкіндігімнен төмен болып көрінді де, өзімді мен керемет қиыншылықтарды жеңіп шығуға қабылетім қаптал деп есептеп, философиялық таным жөнінде үш бөлімнен тұратын шығарма жазуға бел байлады. Әлбетте, Кант софизмнің кейбір қағидаларының күлін көкке ұшыруға шімірікпеймін... Жазу құралдарымды алып іске кіріспек едім, қарындашымның жоқтығын бір-ақ білдім. Бейбақ басым, бағана оны осімқордың сәресіне тастай салған зелетімнің қалтасында қалдырып қойыппын.

Құдай-ау, қайтсем де жолымның болмайтыны не, осы?! Өзімді іштей әлденеше сыбап алып орындықтан тұрдым да, жаяу сүрлеумен ерсілі-қарсылы жүрдім. Айнала құлаққа ұрған танадай, аулақта король сұхбат-тағы маңында бәз-бір бала күтушілер арбаға сәбилерді сап қыдыртып жүр, басқа тірі пенде көрінбейді. Шат-шәлекейім шығып, есінен адасқан адамдай, орындықты айналшықтап жүрдім де қойдым.



Жан-жағымнан қаумалап, қырсықтың шыр айналдыруын қарашы. Қалтамда соқыр тиынға татымайтын қарындаштың жоқтығы себепті менің үш бөлімнен тұратын философиялық шығарма жазуыма болмайды. Ал Пилсатредетке оралып қарындашымды барып алсам қайтер еді? Онда сейілдеушілер қашан баққа сау еткенше, біраз жазып тастамаймын ба! Философиялық таным туралы бұл туындыға көп мәселе байланысты — бәлкім адам бақытының тамыры да сонда жатқан шығар. Өз пайымдауымша, жас адамдарға ол еңбек өте-мөте пайдалы болмақ. Егер жақсылап ой елегінен өткізсек, маған Кантқа тарпа бас салудың еш қажет жоқ; оның жолын табу оңай: сөз уақыт пен кеңістік жайына оралғанда сәл бір жаққа ауытқысаң жетіп жатыр, ал оның есесіне анау қарт пірөдар Ренаның сыбағасын беремін аямай... Алайда, қайткенмен бірнеше баған ғып жазып тастау керек. Пәтерге ақы төлегенім жоқ, күнде ертең баспалдақта кездесіп қалсам-ақ, қожайым ала көзімен ата қарайды. Сол қарасы жанымды ешбір күнгірт ой тұмшаламаған ең бір қуанышты сәтімде де қалқып шыға келеді. Бұның бір ақыр-тақырын шығару керек еді. Жедел басып бақтан шықтым да, қарындашымды алғалы өсімқорға тарттым.

Қырқадан түсіп, екі келіншекті басып оздым. Байқамай біреуін жеңіммен қағып кетіп, бұрылып қарап, аппақ қудай толық жүзін көзім шалды. Кенет оның жүзі лып ете қалып ғаламат сұлуланып кетті, кім білсін, жанынан өткен біреу бірдеңе айтты ма, әлде өзінің құпия бір ойлары есіне түсті ме екен? Әлде менің қолым қолына тиіп кеткендіктен бе? Оның көзге тоқ омырауы толықси көтеріліп-басылып, қолшатырының сабын қыса түседі. Бұған не боп қалды?

Мен кідіріп, оны алдыма жібердім, енді әрі қарай жүруім мүмкін болмай қалды, осының бәр-бәрі бір ғаламат болып көрінді. Біза болып, қарындаш іздеп сандалған өзіме ашуландым, ұзақ аштықтан кейін құныға ішкен тамақ та тұла бойымды ысытып жіберді. Іш пікірім алай-түлей бұрқанып, мынау бикешті қорқытып, артынан қуып жетіп, бөзбір ыңғайсыз іс істеу пиғылы ойымды баурап алды. Оны қайтадан қуып жетіп, басып озып жүзін дұрыстап көргелі кілт кері бұрылдым да, бетпе-бет тұра қалдым. Оның көзінен көз алмай тұрып, ешқашан естіп білмеген толқымалы, тол-



қынды Илаяли деген бір есімді ойлап таба қойдым. Ол тіптен таяп келгенде, басымды сілкіп қалып, қатқыл үнмен:

— Кітабыңызды жоғалтып аласыз, бикеш, — дедім.

— Кітапты ма? — деп ол серігінен сұрады да, әрі қарай жүре берді.

Ызақор табандылығым тапжылтпай, оның қыр соңынан қалмадым. Әрине, сол сәт ессіздік жасап тұрғанымды сездім, бірақ оны жеңер шамам болмады, толқыныс ілгері жетелеп, өзімді-өзім ауыздықтай алмай, шөлкем-шалыс қимылға бардым. Есуас, нақұрыс адамның ісі сияқты істегенің, деп өзімді қанша сөккеніммен де, оның еш көмегі болмай, келіншектің ту сыртынан бет-аузымды қисандатып қалмай қойдым, қуып жетіп және қатты жөтелгенімді қайтерсің. Енді баяу басып, оның алдында бірнеше қадамдай озып, жон арқамды шымырлатқан оның көзқарасын сезініп монтандап келемін, ойыма еріксіз ұят ұялап, оның алдында өзімді өте ерсі ұстағанымды түсіндім. Біртіндеп мені бір оқшау түйсік билеп алды, өзім болсам, бұл арадан әлдеқайда алыста екенмін деймін, ал менің орнымда мынау тас тақталарды тырпылдап басып төмендеп басқа біреу келе жатқан тәрізді.

Бірнеше минуттан кейін келіншек Пашаның кітап дүкеніне келгенде, мен бірінші жарнама әйнектің алдында тұр едім, оған қарсы жүріп бағанағы сөзімді қайталадым:

— Кітабыңызды жоғалтып аласыз, бикеш.

— Ал ол қандай кітап? — деп үрейлене сұрады ол, — қандай кітап жайында айтып тұрсыз? Аң-таң боп ол қалт тұра қалды. Оның қысылғанын көріп, менің қыбым жанып барады, көз алдымда абдырағаны қызық көрінеді маған. Мені әкетіп бара жатқан ызақорлық оған бимағлұм, шынтуайтқа келгенде, онда ешқандай кітап жоқ, тіпті оның парағы да жоқ, бірақ ол көйлегінің қалтасын ақтарып қарап жатыр. Қолына қарап, басын шайқап қояды, артына бұрылып өуреленеді, нәзік миын қамшылап қандай кітап туралы айтып тұрғанымды білуге тырысады. Бір қызарып, бір бозарып, бет бейнесі жүз құбылып, ауыр күрсінгенін естіп тұрмын, тіпті оның көйлегінің түймесі де үрейленген көзіндей маған қарайтын тәрізді.

— Оған назар аудармашы, — деп құрбысы оны қолынан тартады. — Ол мас қой! Оның мас екенін көрмей тұрсың ба?!

Сол сәт көзге көрінбейтін керемет бір күш әбден билеп-төстеп алған мен өзімнен қаншалық қашық болсам да, назарымнан айналадағының ештенесі қағыс қалмаған. Міне, бір қызыл төбет көшені кесіп өтіп, бульварға барып, одан бүлкілдеп Тиволь жаққа тартты, мойнында күміспен зерленген қарғы бауы бар. Одан сәл әрірек дәл осы көшеде екінші тәжден терезе ашылып, одан қызметші әйел сыртқа сұғынып, жеңін түріп, әйнекті жууға кірісті. Менің назарымнан ештеңе қағас кеткен жоқ, өйткені ақыл-ойым айқын, зерде-жадым мығым болатын. Әсер атаулының бәрі сәуленің жарқ ете түскені сияқты санама тез сіңеді. Алдымда тұрған екі әйелдің қалпақтарындағы қауырсындары көк, мойындарына салған жібек шотланд шарфы. Маған өздері апалы-сіңлілі сияқты көрінді.

Олар аулақ барып, Сислердің, музыка дүкенінің жанына аялдап, әңгімелесе бастады. Мен де кідірдім. Сосын екеуі де кері бұрылып, келген жолына қайта түсіп, қасымнан өте шықты да, Университет көшесіне бет алып, Қасиетті Улаф алаңына қарай тартты. Мен болсам, олардың түп ізіне түсіп, соңынан қалмауға тырыстым. Бірде олар жалт бұрылып, мені көріп шошып кетті, соған қарамастан қабақ шытпай, қылығымды қызық көріп ашу шақырған жоқ. Беймазалығымды мұнша көтергендеріне өзім ұялып, көзімді төмен салдым. Енді оларды ығыр қылмай, разылық бейілмен соңдарынан ұзатып салып, тағы да бір жерге кіріп, көзден ғайып болуын күттім.

Нөмірі екі, төрт тәжілі үлкен үйге тағы да бұрылды олар. Арасандағы газ фонарды тасаланып, олардың баспалдақты тық-тық басқан қадамын тындап тұрмын. Аяқ тықыры екінші тәжден тынды. Фонардан аулақтап жоғарыға терезелерге қараймын. Кенет бір керемет болды, жоғарыда перде ысырылып, терезе ашылып, одан бас қылтиып, ғажайып көздер маған тоқтады. Оған “Илаяли!” деп үздіге сыбырлап, өзімнің қызарып кеткенімді сезіндім. Оның ешкімді шақырмағаны несі? Неге ғана маған басыма гүлдің қыш құмырасын лақтырмады немесе қуып таста деп кісі жібермеді. Біз міз бақпай бірер минөт бір-біріміздің көзімізге қарадық, терезеден табан жолға ой-пікірлер домалап жатқан сияқты, бірақ ләм-мим деп тіл қатысқан жоқпыз. Ол бұрылып кетті

де, қимылымен жүрегімді солқ еткізіп, бойымды болмашы діріл биледі. Көзден баяу ғайып болған оның иығының қимылы маған берген белгісі іспетті; сол сәлемді бүкіл болмысыммен, жан-жүрегіммен сезініп, ғаламат бір қуаныш кеудемді кернеп кетті. Аз-мұз кідіріп барып бұрылдым да, көше бойлап жүре бердім.

Артыма қарауға батылым бармады, терезеге ол тағы да келіп, мені іздеген-іздемегенін біле алмадым, осы да мені іштей мүжіп, жанымды қоярға жер таппадым. Бәлкім, сол сәт ол менің әрбір қимылымды бағып байқап тұрған шығар, соны біле алмай басым дал болды-ау, дал болды. Қайткенмен төтелей тартуға тырысып, тоқтамай жүре бердім, тізем дірілдеп, аяғымды шалыс басып келемін. Бұл әсем жүремін деп әурелегеннің салдары. Байсалды да немқұрайды көрінуге тырысып, қолымды сермеп, түкірініп, танауымды көтермек боламын, бірақ бәрі де құр әуре. Ту сыртымнан ұдайы сынап қараған көздерді сезіп, бойымды бір суық шарпып өткендей боламын. Ақыр аяғында бүйірдегі кошеге сүңгіп, одан қарындашымды алғалы Пилестрегдетке бет бұрдым.

Қарындашты алу маған түкке де тұрған жоқ. Өсімқор зелетімді өзі әкеп беріп, барлық қалтасын ақтарып қаруымды өтінді, олардан бірнеше салым түбіртіктерін тауып, қалтама сүңгіттім де, ескерткені үшін қожайынға алғыс айттым. Ол маған барған сайын ұнай түсіп, жақсы әсер қалдырғым келіп кетті. Есікке қарай бірер қадам жасадым да, бәз-бірденем ұмыт қалғандай сауда сәресіне қайта бұрылдым. Оған бәрін бүге-шігесіне дейін баяндауым керек сияқтанды да, назарын өзіме аудару үшін ақырын ыңылдап әндете бастадым. Содан соң қолыма ұстаған қарындашты жоғары көтердім.

— Мынау адыра қалғыр қарындаш үшін сонау алыстан қайтып келем деген ой үш ұйықтасам басыма келген емес, — дедім мен. — Ал бұл арада мәселе мүлдем басқа. Мынау қарындаш тұқылы қаншалық қораш көрінсе де, осының арқасында адам қатарына қосылып, айталық, өмірден өз орнымды таптым емес пе...

Толқығандай тоқтап, үндемей қалып едім, қожайын сауда сәресіне тақап кеп:



— Солай ма еді? — деп таңырқап бетіме қарады.

— Осы қарындашпен мен философиялық таным туралы үш томдық шығармамды жазып шықтым ғой, — деп салдым ешбір шімірікпей. — Ол жайында өзіңіз неғып естімей жүрсіз.

Қожайынға өзі шығарманың атын, тақырыбын естіген сияқты көрінді.

— Иә, сол менің шығармам! — дедім мен. — Сондықтан мынау қарындаш тұқылын қайтып алып жатқанымның таңданарлық ештеңесі болмас, мен үшін бұның бағасы тым жоғары, бұл менің кішкентай бір досым сынды. Сіздің қайырымдылығыңыз үшін мың да бір рахмет! Жақсылығыңызды ешқашан ұмытпан. Шын айтамын, мен өзі сондай адаммын, ешқашан ұмытпауға өзіңіз де лайықтысыз. Жолыққанша қош болыңыз!

Бәз-бір адам тағдырын шешуге бара жатқандай маңғазданып есікке беттедім. Өсімқор сыпайы ғана сыртымнан екі рет басын иді, мен болсам, қайта бұрылып “Жолыққанша!” дедім.

Баспалдақта шамадан ұстаған әйел кездесті. Менің маңғаз кейпімді көрген ол ыңғайсызданып ысырыла жол берді. Оған бірдеңе бергелі өз-өзімнен қалтамды ақтарып ем, ештеңе таппай, басымды салбыратып, жанынан өте шықтым. Сәлден соң оның өсімқордың есігін қағып тұрғанын есіттім. Есік болат темірмен торланған еді, сол сәт кісі қолы тиіп, сыңғырлай шылдыраған үні шықты.

Түстік жақтан күн жарқырап тұр. Шамасы талма түстің шағы. Көшеде халық қабындай бастады, нағыз серуенге шығар кез. Жүзіне күлкі үйіріп бір-біріне бас изескен адамдар легі Карл-Юхан көшесін бойлай ағылған толқын тәрізді. Бір уыс боп бүрісіп мен университет маңында топқа қарап аңырып тұрған тамам таныстарымның көзіне түспес үшін жымып қана өте шықтым. Содан қырқаға шығып, сарай бағында түпсіз терең ойға шомдым.

Осы жұрт қалай ғана көңілденіп, бір-бірімен желпілдеп бас изесе қояды. Зайыры би залының паркетінде сырғығандай өмірі еркін есіліп өтіп жатқаны ойларының айқындығы болар. Олардың ешқайсысының көзінен мұң табын таба алмадым, иықтарын езген ауырпалық та жоқ шығар.

Алаңсыз көңілдерде не бір күңгірт ойдың, не бір көмескі қайғының көлеңкесі де байқалмайды. Өмір жолын жаңа ғана бастап, бастай бере бақыт дегеннің не екенін ұмытқан жап-жас менің осынау адамдардың арасында сандалып жүргенім мынау! Осындай ойлар мазалап, өзімнің әлемет әділетсіздіктің құрбаны болғанымды ұғындым. Соңғы айларда өмір сүруімнің осыншалық ауыр боп кеткені несі? Менің шыбынсыз жаздай көңілімді біреу бейне өзгертіп қойғандай, қайда барсам, ащы өкініш анталайды да тұрады. Бөз-бір орындыққа жайғаса қалсам да, болмашы бір қадам жасасам да, қай-қайдағы келеңсіз оқиғалар тап беріп, жан дүниеме тарпа бас салып еңдей еніп, қуат-күшімді құр босқа шашуға мәжбүр етеді. Жанымнан жүгіріп өткен ит те, бөз-бір мырзаның жағасындағы сары раушан да ойымды оятып ұзақ уақыт өуре-сарсаңға салады. Маған не болған, түге? Құдайдың саусағы тек маған ғана шошайып тұра ма, осы? Мені ғана табатыны несі бәрінің? Тақа болмаса, Түстік Америкада тұрса да басқа бір адамды тауып алмай ма? Қаншалық көп ойланып, көп толғанған сайын тәңірдің өзіне тән жаттығуын жасап, кәсіби сынап көру үшін тандауы неліктен маған түскеніне ақылым жетпей, санам сансырап кетеді. Бүкіл әлемде тандауының маған түскені ғаламат; кітапсатушы Паша, кеме уәкілі Хеннекен сияқты өзге адамдар да өріп жүрген жоқ па.

Жол-жәнекей осыны ойлап, еш шешімге келе алмадым. Басқалардың күнәсі үшін жауап беруге мені мәжбүр етіп қойған Құдайдың бұндай өктемдігіне қарсы қояр бұлтартпас дәлелді және таппадым. Бос орындық тауып жайғасқанда да бұл мәселе мендеп алып басқа ештеңе ойлауға мұрша бермей қойды. Мені қырсық шалған мамырдың сол сәтсіз күндерінен бастап болбырап, ерік-күштен, мақсат-мұраттан айырылып, сүлесок сылбыр тартып, әбден енжарланып алдым, бейне бір тұла бойыма құйтықандай қисапсыз жыртқыштар жабысып, іштей кеміріп, мүжіп жеп жатқан тәрізді. Ал Құдай жайдан-жай көзімді құртқысы келсе, амалым қанша? Орнымнан тұрып орындықтың төңірегінде ерсілі-қарсылы жүре бастадым.

Сол сәт бүкіл болмысымды жан төзгісіз қайғы-мұң кеулеп кетті; тіпті қолыма дейін сырқырап, оны қайда қоярымды

білмедім. Оның үстіне таяуда ғана тоя тамақ ішіп едім, тым қарбытып жіберсем керек, сол да мазамды кетіріп, орындықтың айналасында тыпырлап жүрдім де қойдым; жанымнан жалт етіп жоқ боп өтіп жатқан кісілер дәл бір елес секілді. Ақыры, менің орындығыма келіп екі еркек жайғасып, темекі тарта отырып қызу әңгімеге кірісті, әңгірлеген дауыстарына кейіп, ескерту жасағым келіп тұрды да, оның орнына жалт бұрылып, бақтың басқа шетіне тартып, бір бос орындық тауып алдым.

Оған жайғасқан соң да Құдай жөніндегі ойлардан арыла алмадым. Менің жеке басымның ісіне араласып, жұмыс табуға тырысқан сайын ісімді оңға бастырмай, бөгет жасауы барып тұрған қиянат, кешіргісіз өктемдік, мен одан бар болғаны сұрайтыным — адал тауып жейтін нан ғана емес пе. Бірнеше күн қатарынан ашықсам, миым аға бастап, басым қаңырап бос қалатынын анық байқадым. Бас дегеннің жеміс бермей, жеңіл тартып, тіпті оның екі иықтың арасында баржоғын да сезбейді екенсің. Байқаймын, ондайда біреуге қарасам, көзім шарасынан шығып алақандай боп кетеді екен.

Орындықта оңашаланып мынандай таусылмас азап берген Құдайға бәрінен көп кейіп, барлығы жайында ойлап, ой түбіне жете алмай отырмын. Құдай тақа жанымды тазарту үшін бір кедергіден соң бір кедергіні жолыма қойып, мені сынап өзіне тартқысы келсе, онда қатты қателесетінін сеніммен айта аламын. Мен көзімді аспанға қадап, ызадан жыларман болып, жанымды жайландыру үшін ойымдағының бәрін ақтарып салдым.

Бала кезімізде не оқығаным, Тауратты заулатқан жұмсақ баяу үн есіме түсіп, жымыып басымды шайқап, өзіммен өзім сөйлесе бастадым. Ішіп, жеп, өтер-кетер тәнімді жабуды ойлап осынша әбігерге түсіп керегі не еді? Аспандағы Атамыз құстар құсатып мені де қоректендірмей ме, құлығып таңдап алған екен, неге айрықша мархабат жасамасқа?! Құдайдың саусағы жанасып кетіп еді, жанымның жібін білдірмей қозғап жіберді. Саусағын тартып алғанда әлгі жіптер үзіліп, жүйкемнің жарымын жұлып алып кетті. Құдайдың саусағының орнында жалбыраған жыртық қалып, миыма жара түсті. Алайда жалғыз жаратқан маған саусағымен бір жанасты да, тастап жүре берді, қайтып тиіскен жоқ.

ешбір төлекетті мен де көргем жоқ. Ол мені бет ауған жағыма миымдағы жарамен қоя берді. Маған Құдайдың дәл өзінен келген ешбір зұлмат жоқ, өйткені ол мәңгі-бақи Тәңіріміз ғой...

Жел студенттердің саз үні мен әуенін жеткізді — демек, сағат үш болып қалғаны. Қарындаш пен қағаз алып, бірдеңе жазбақшы едім, қалтамнан кітапшам шығып, ішінен қырынуға деп алған талондарым түсті; алтауы қалған екен.

— Құдайға шүкір! — деп еріксіз дауыстап жібердім. — Әлі де бірер апта шаштаразда қырынып, адам сияқты боп жүремін.

Осынау болмашы жетістіктің өзінен еңсем көтеріліп, талондарды мұқият қарап, кітапшаға қайта тығып қалтама салдым.

Алайда ештеңе жаза алмадым. Бірер жол шимайлаған болып едім, басыма түк те келмеді; ойларым әлдеқайда маңып кетіп, бір арнаға түспей қойды. Бәрі де көңілімді бір түйінге тоқыратпай жан-жақтан жаңа әсерлер ағылып кеп ойымды быт-шыт қылды. Қағазыма сары маса мен шыбын-шіркей қонып та бөгет болды, бар пәрменіммен үрлеп оларды қумақшы едім, онымнан да ештеңе шықпады. Бү шіркіндер аунап түсіп, қағазға жабысып, қылдай аяғын бүгіп алып тапжылар емес. Жалпы олардан құтылу мүмкін болмады. Жексұрындар неге жабысарын біледі, қағаздың біртегіс емес, ойқышойқы жерін тауып алып, өз еркі біліп қашан ұшып кеткенше мөлііп отырады да қояды.

Құйтақандай қанішерлер бірқауым уақыт көңілімді бөліп, аяғымды аяғыма салып, соларға қарадым да отырдым. Ал содан соң құлағымна кларнет үні келіп, ойларым одан басқа бағытқа ауысты. Мақала жаза алмайтынымна өкініп, қағазымды қалтама салып орындықтың арқасына шалжия кеттім. Мұндай сәтте басыма құйқылжып, қай-қайдағы ойлар келіп, бойым сергіп, шаршау дегенді тарс ұмытамын. Шалқая отырып кеудеме қараймын, қанның қысымынан аяғымның дірілдегенін байқаймын. Басымды сәл көтеріп, бар тәңірекке қоз тастасам, бойымды бұрын-соңды болмаған бір түйсік билеп, бейне бір тебіреністі жарық бүркі ете қалғандай, жүйкемді бойлап толқын жүгіріп откендей болады. Енді ескі досыммен кездескендей елжіреп, башмағымна қараймын,

сонда болмысымның бір бөлшегі өзіме қайтып оралғандай болады, қауышу сезімі жанымды қамшылап, көзіме жас үйріледі. Башмағым баяу сыңғырмен үн қатқандай болып, көңлім бұзылады. “Бұның енді күйректік! — деймін өзіме қатқыл үнмен жұдырығымды түйіп “Күйректік!” деп қайта қайталадым. Сосын осынау әнтектеу сезімімді келекелегім кеп, өзімді өзім қасақана мазақ қып, көздің жасын қуу үшін тарс жұмып алып, дауыстап үнімді қатқыл шығардым. Бейне бір башмағымды өмір бойы көрмегендей, көзімді ашып оған тесіле қарап, сықпытын шоламын, аяғым қозғалғанда қалай өзгергенін аңдаймын, пошымы қандай екенін тексеріп, былғарысы ақжемденіп, қажалғанын, тігісі сөгіле бастағанын байқап, оның да өзіндік бетінен айырылып, әжімдене бастағанына көз жеткіздім. Менің болмысымның қай бөлшегі ауысты екен бұл башмаққа; бұдан өз тынысым тәрізді бір жылы жақын леп есетін секілді...

Осы сезіммен әуейленіп ұзақ, шамасы бір сағаттан артық отырсам керек. Сосын орындықтың келесі шетіне тәпелтек бір шал кеп жайғасып, ауыр күрсініп алып:

— Ім, иә-ә, міне, со-лай! — деді.

Оның даусын әрең естідім де, басымда құйын ұйтқып шыға келді. Башмақты жайына қалдырып едім, ол баяғыда, бәлкім бұдан бір-екі жыл бұрын өткен зерледен ошіріле бастаған көмескі күңгірт келеңсіз бір көңіл күй болып көрінді. Енді мен бұрылып шалға қарадым.

Осы бір кішкентай ғана күйкі қарияда не шаруам бар десейші?! Ешбір шаруам жоқ. Мені қызықтырғаны оның қолға ұстаған газеті еді. Бір беттей хабарландыруы бар газетке шал шамасы бірдеңе орап алған сыңайлы. Қызыққаным соншалық, газеттен көз айыра алсамшы. Өз саласында бірден-бір тамаша газет-ау осы, деген есерсоқ ой келді маған. Ынтығым үдеп, орындықта қипақтап отыра алмадым. Бәлкім, онда бөз-бір мұрағаттан ұрланған құжаттар, қауіпті қағаздар бар шығар. Енді ойыма қай-қайқайдағы астыртын әрекет, сойқанды уағыда сияқтылар келді.

Қария үн-түнсіз, әлденені ойлап отыр. Газетті қолынан шығармайтыны қалай, жұрттың бәріндей неге жайып жібермейді? Бұл не арамдығы? Зады ол бұл бумасын қолынан өлмей шығара қоймас. Тіпті оны қалтасына салуға да



қорқа ма, қалай? Бұның жай ғана бума емес екеніне, мен бар ғой, басымды бөске тігемін.

Қиянға көз тастап, ойға баттым. Мынау буманың құпиясын ашатын құйтымдай желеудің болмауы оған деген ынта-ықыласымды арттыра түсті. Қалтамды ақтарып, бұл бейбаққа бірдеңе ұсынып, әңгімеге тартпақ оймен талон салынған кітапшамды қолыма алдым да қайта жасырдым. Ізінше батылданып жан қалтамды қағып:

— Тартатын темекі табылар ма екен сізден? — деп сұрадым.

Рахмет, ол темекі тартпайды екен, көзі ауырып, көрмей қалуға айналған соң шылымды тастап кетіпті. Онысы үшін зор рахмет!

— Көзіңіз көптен ауыра ма? Зайыры, сізге оқуға мүлдем болмайтын шығар. Тіпті газет те оқымайсыз ғой, тегі? — Тіпті газет те оқи алмаймын, — деп ол маған бұрылды. Көзін шел қаптап, әйнектене ағарып кетіпті, кісіге қарағаны да жансызданып көрінеді.

— Өзіңіз осы жердікі емессіз бе? — деп сұрады ол.

— Иә... Қолыңызға ұстаған газеттің атын да оқи алмайсыз ба, тым күрса?

— Әрендеп айырамын... Сіздің бұл жерлік емес екініңізді бірден аңғардым: мақамыңа қарап айырдым. Ол оп-оңай, менің дыбыс ажырату қабылетім күшті. Түнде жұрттың бәрі ұйықтап жатқанда көрші бөлмедегі тыныстағанды да естіп жатамын... Ал мен сізден мынаны сұрайын деп едім: қайда тұрасыз!

Ойыма өтірік айту сап ете қалды. Арты не боларын тіпті ойланбастан:

— Қасиетті Улаф алаңындағы екінші үй, — деп сықпырта салдым.

— Рас па? Ал мен Қасиетті Улаф алаңындағы әрбір тасты білемін ғой. Онда фонтандар, бірнеше фонарлар, ағаштар бар, — бәрі де есімде... Нөмірі қандай дедіңіз?

Газет тұрасындағы ой әбден титықтатқан басым, бәріне нүкте қояйын деп орнымнан түрдым. Құпия қайткенмен де ашылуға тиіс қой.

— Сізге газет оқуға болмайтын болса, оның қажеті қанша...